

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№ 5
БӨБЕКЖАЙЫ»
Коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«Ясли - сад № 5» отдела
образования города Костаная»
Управления образования
акимата Костанайской
области

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.03.2023

№ 64

**Сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 “Сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын іске асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023 жылғы 29 мен 31 наурыз аралығында “Қостанай қаласы білім бөлімінің № 5 бөбекжайы” КМҚК сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу»;
2. Сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілсін (1-қосымша);
3. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгерушісі:

Д.Досмакова

№1 қосымша

2023 жылғы 29 наурыз № 64

бөбекжай-бақшасы менгеруші
бұйрығына «Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін өткізу туралы ішкі талдау»

Жұмыс тобының құрамы

«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 5 бөбекжайы» КМҚК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

Жұмыс тобының құрамы :

Еслямова Д.Т. –әдіскер ,төрайымы .

Жұмыс тобының мүшелері:

Абенова Б,У., бас есепші.

Махамбетова Г.С.,Кәсіподақ ұйымның төрайымы.

Уваисова Н.М.. тәрбиеші

Жұмыс тобының хатшысы :


Баксимова Л.К.

*«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
өткізу туралы
ішкі талдау» туралы
2023 ж. 29.03 № 64 бұйрыққа № 2 қосымша*

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
өткізу туралы жұмыс жоспары**

№ п/п	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1	Бөбекжай бақшаның 2023 жылдың 1 тоқсандағы іс әрекеті туралы есептерді жинақтау	29.03. – 29.03. 2023	Еслямова Д.Т. Махамбетова Г.С. Абенова Б.У.
2	2022 жылдың 4 тоқсандағы мемлекеттік қызмет көрсетілуі жөніндегі ақпарат	30.03.2023	Еслямова Д.Т.
3	Аналитикалық анықтауды дайындау	30.03.2023	Еслямова Д.Т.
4	Аналитикалық анықтауға қол қою	31.03.2023	Еслямова Д.Т.

«КЕЛІСІЛДІ»

**Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№5 бөбекжай-бақшасы» КМҚК
Менгерушісі м.а.  Д.Еслямова**

**«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 5 бөбекжай – балабақшасы» КМҚК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
аналитикалық анықтама**

Қостанай қаласы

31.03.2023 жыл

«Қостанай қаласы білім бөлімінің №5 бөбекжай – балабақшасы» КМҚК менгерушісінің 29.03.2023 жылғы № 1 тоқсандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2023 жылғы 29 наурыз мен 31 наурыз аралығында «Қостанай қаласы білім бөлімінің №5 бөбекжай – балабақшасы» КМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді (бұдан әрі – № 5 бөбекжай – балабақша) 1-тоқсанға.

Ішкі талдау Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді. Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

«Персоналды басқару»

«Қостанай қаласы білім бөлімінің №5 бөбекжай – балабақшасы» КМҚК басқару функциялары қызмет бағыттары бойынша іске асырылады: әкімшілік; қаржы бөлімі (бухгалтерия, Мемлекеттік сатып алу); Оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру; әкімшілік-шаруашылық бөлімі. Қызметкерлердің штаттық саны 31 бірлікті құрайды. Ағымдағы жылдың 01 қаңтарға жағдай бойынша қызметкерлердің нақты саны – 31 адам. Бүгінгі таңда балабақшада бос орындар жоқ. Талданып отырған кезеңде бірде-бір қызметкер жұмыстан шығарылған жоқ. Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, 2023 жылдың 1

тоқсанында бөбекжай қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында кәсіпорын қызметінде даулы мүдделер жоқ. Осылайша, қызметкерлердің қызметі

«Этика кодексінің», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарын іске асыруға бағытталған.

Жалпы, бөбекжай ұжымының қызметі қойылған функциялар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған.

«Мемлекеттік қызмет көрсету»

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен стандарттарға, қалалық білім бөлімінің ұсынымдарына, өкімдеріне және басқа да нормативтік актілерге сәйкес «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 5 бөбекжай-бақшасы» КМҚК «Электрондық балабақша» автоматтандырылған жүйесі арқылы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетеді ҚР БҒМ 19.06.2020 жылғы №254 бұйрығы (17.07.2020 жылғы №306 өзгерістермен).

Мемлекеттік қызметтерді көрсету «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-тармағының 8-тармақшасына сәйкес көрсетіледі.

2023 жылдың 01 қаңтардан мен 2023 жылдың 31 наурыз аралығында «№ 5 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК "INDIGO: электрондық балабақша» ведомстволық бағынысты порталы арқылы 5 Мемлекеттік қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мақсатында балабақшада 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары бар. Балабақшада мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тиімді жұмыс істеу үшін мыналар бар:

- мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру бойынша нормативтік-құқықтық база;

- мемлекеттік қызмет көрсету журналдары, журналдар тігілген, нөмірленген, мөрмен бекітілген, балабақша меңгерушісінің қолы қойылған;

- қызмет алушыларға мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тәртібі мен тәсілі туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін бөбекжай – балабақшасының сайтында мемлекеттік қызмет көрсету ережелері орналастырылған;

- мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпараттық стенд.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметін ұсыну басшылықтың тұрақты бақылауында болады, бұл мәселе мектепке дейінгі ұйымдарда директор жанындағы кеңесте қаралды (23.01.2023 жылғы № 1 хаттама).

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

№ 5 бөбекжай-бақшасы рұқсат беру қызметін жүзеге асырмайды.

«Бақылау функцияларын іске асыру»

№ 5 бөбекжай-бақшасы бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

«Білім бөлімінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

«№5 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс жоспары әзірленді («№5 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК 2023 жылғы 31.03 № 64 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің 2022 жылға арналған жоспарын бекіту туралы» бұйрығына № 1 қосымша). Директор жанындағы кеңесте педагогикалық этиканы сақтау туралы мәселе қаралды (23.01.2023 жылғы № 1 хаттама).

Балабақша педагогтары тәрбиеленушілер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие бойынша сабақ конспектілерін әзірледі. Ата-аналар үшін сыбайлас жемқорлық бойынша ақпараттық стендтер бар.

Кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.

Кәсіпорындағы азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс 2021 жылғы 01 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес "Е-өтініш" ақпараттық жүйесінде тіркелетін өтініштер арқылы жүргізіледі. 04.01.2023 ж. - 31.03.2023 ж. аралығында "Е-өтініш" АЖ-не 0 өтініш түсті. «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 5 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК ата-анасының еңбек демалысы кезеңінде балаға демалыс беруге өтініштер «Жеке тұлғалардың өтініштерін тіркеу» журналына тіркеледі және жеке номенклатуралық іске тігіледі. Өтінішті қарау нәтижесі өтініш берушіге келіп түскен күннен бастап 2-3 күн ішінде ұсынылады.

«Мемлекеттік сатып алулар»

Кәсіпорынның интернет-ресурсында оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі туралы арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Білім беру ұйымының бюджеті жыл сайын бөбекжай сайтында жанартылып отырады. Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды. Екінші тоқсанда барлығы 34 шарт жасалды. Мемлекеттік сатып алу қорытындылары мемлекеттік сатып алу порталында орналастырылады. Жыл сайын бөбекжай сайтында бір жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспары

орналастырылады. Талданып отырған кезеңде тәртіптік жаза қолдану фактілері болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

1. «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 5 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК азаматтық қызметшілері мен қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, педагогикалық әдеп қағидаларын, № 5 бөбекжай-балабақшасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтауы, лауазымдық міндеттерін орындауы тиіс.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін сақтау және нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес қатан жүзеге асыру. Балабақшада мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға А.Ж.Хасенова Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мерзімін ұзартуға жол бермеу.
3. Мемлекеттік сатып алуға жауапты тұлға А.Ж.Хасенова «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңын сақтасын.
4. Іс-шараларды тұрақты негізде жүргізу және өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты балабақша сайтында, әлеуметтік желілердегі парақшаларда уақтылы орналастыру.

Жұмыс тобының төрайымы

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:


Хатшы:

 Д.Т. Еслямова

 Г.С.Махамбетова

 Б.У.Абенова

 Н.М.Увайсова

 Л.К. Баксимова